



БҰЙРЫҚ

26.05.2025 ж. № 123

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Астана

**«Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 14 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы»;

бұйрықтың 1, 2 және 3-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті (Е.Б. Қалмақов):

1) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, республикалық орта білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын 2024-2025 оқу жылынан бастап республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына енгізуді бастасын;

3) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары:

1) осы бұйрықты аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, меншік нысанына қарамастан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) 2024-2025 оқу жылынан бастап барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізсін (келісім бойынша).

3) меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру арқылы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін.»;

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:
«Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары».

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, республикалық орта білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары осы бұйрықты аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, меншік нысанына қарамастан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі Е.С. Оспанға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрі**

Ғ. Бейсембаев